




Бекітемін

Мектеп директоры  А.Р.Тлеулина

«31» тамыз 2022ж.



Келісемін

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасары  А.Әлжанов

**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің  
«Өзін-өзі басқару» ұйымының 2022-2023 оқу жылына  
арналған жылдық жұмыс жоспары**

Орындаған \_\_\_\_\_ Г.Қ.Табынбай

2022-2023 оқу жылы

**«Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту ұйымының  
2022-2023 оқу жылында атқарылатын іс шаралар жоспары**

Айы	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Жобалық қызметінің бағыттары	Сыныбы	Серіктестер	Жауапты-лар
Қыркүйек	Өзін –өзі басқару ұйымын құру, ұйым топбасшысын, ұйым мүшелерін сайлау	«Құқық және тәртіп» жобасы	5-11	ТДЖО, Ұйымдастырушы педагог, Тәлімгер, сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	«Қауіпсіз жол» /сыныптан тыс/	«Құқық және тәртіп» жобасы	1-4	ТДЖО, Тәлімгер Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу	«Құқық және тәртіп» жобасы	8-11	ТДЖО, Тәлімгер Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
Қазан	«Жанды сабақтар» /туристік саяхат/	«Экология және еңбек» жобасы	5-11	Тәлімгер, Сынып жетекшісі, Ұйымдастырушы педагог	Фракция мүшелері
	«Қарттарын қадірлеген ел ардақты» /мерекелік бағдарлама /	«Өзін-өзі басқару және бақыт» жобасы	5-11	Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы Ұйымдастырушы педагог	Фракция мүшелері
	«Дублер күні» «Ұстазым – ұлағатым, үлгі-өнегем» ұстаздарға мерекелік кеш	«Ақпарат» жобасы	9-11	ТДЖО, Тәлімгер, Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Республика күні – бірлік пен ынтымақ күні»	«Мәдениет және өнер» жобасы	5-8	Тәлімгер Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
Қараша	«Тұғыры биік – тәуелсіз Қазақстан» / дебат турнирі/	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы	9-11	Тәлімгер Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Golden Party» /хандалар мен ханшайымдар байқауы/	«Мәдениет және өнер» жобасы	9-11	Тәлімгер Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	“Мемлекеттік қызмет – ел мүддесіне адал еңбек» / дөңгелек үстел /	«Құқық және тәртіп» жобасы	9-11	Тәлімгер Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
Желтоқсан	Спорттық шаралар /оқушылар мен педагогтер арасында/	«Спорт және салауатты өмір салты» жобасы	9-11	Тәлімгер, Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	“Ел ертеңі – Жас Ұлан” / «Жас Ұлан» ұйымына салтанатты қабылдау жиыны /	«Ақпарат» жобасы	9-10	Тәлімгер Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Қазақстан – байтақ мекенім» /патриоттық әндер байқауы/	«Мәдениет және өнер» жобасы	5-9	Тәлімгер, Сынып жетекшілер Музыка пәні мұғалімі	Фракция мүшелері
Қаңтар	“Жаңа жыл гажайыптары” /байқау/	«Мәдениет және өнер» жобасы	5-8	Тәлімгер, Сынып жетекшілер Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Ұшқыр ой алаңы» /дебат/	«Ұшқыр ой алаңы»	7-11	Сынып жетекшілер, тәлімгер өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Құқық бұзушылық және заңдық жауапкершілік» /дөңгелек үстел/	«Құқық және тәртіп» жобасы	9-10	Тәлімгер өзін -өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері

Ақпан	«Көңілді мәр» /спорттық ойындар/ «Бала құқығы» /дебат/	«Спорт және салауатты өмір салты» жобасы» «Ұшқыр ой алаңы»	5 7-8	Тәлімгер өзін-өзі басқару ұйымы Ұйымдастырушы педагог Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері Фракция мүшелері
	«Еркем, өмірің болсын көркем» /қыздар жиналысы/	«Құқық және тәртіп» жобасы	7-8	Тәлімгер Ұйымдастырушы педагог	Фракция мүшелері
	«Ұлттық пікірсайыс турнирі» /мектепшілік дебат турнирі/ «Үздік сынып - 2023» /байқау/	«Ұшқыр ой алаңы»	9-11	Дебат клуб жетекшісі Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Әжем, анам және мен» байқауы	«Экология және еңбек» жобасы	5-6	Сынып жетекшілер Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
Наурыз	«Наурыз мейрамы» /ұлттық домбырашылар челленджі/	«Мәдениет және өнер» жобасы «Мәдениет және өнер» жобасы	МАД 1-11	Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы Ұйымдастырушы педагог Сынып жетекшілер Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері Фракция мүшелері
	Сәуір	«Іскер ана – икемді қыз» /шеберлік сағаты/	«Өзін -өзі тану және бақыт» жобасы	9-11	Тәлімгер Сынып жетекшілер
«Әкешім - мақтанышым» /танымдық кеш/ «Құқықбұзушылықтың алдын алу» /заң өкілдерімен кездесу/		«Мәдениет және өнер» жобасы» «Құқық және тәртіп» жобасы	6-7 9-11	Тәлімгер өзін-өзі басқару ұйымы Тәлімгер Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
Мамыр		1-мамыр. «Әрқашан күн сөнбесін» /сурет байқауы/ Халықаралық отбасы күні. «Отбасы – бақыт мекені» /тәрбие сағаты/ «Бақытты бала – ел болашағы» /соңғы қоңырау/	«Өзін -өзі тану және бақыт» жобасы «Өзін -өзі тану және бақыт» жобасы «Мәдениет және өнер» жобасы	3-4 5 1-11	ДТЖО, Тәлімгер, Сынып жетекшілер ДТЖО, Тәлімгер, Сынып жетекшілер ДТЖО, Тәлімгер, Сынып жетекшілер

## Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында «Өзін-өзі басқару» ұйымы жұмысының талдау есебі

2022-2023 оқу жылының басында Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің өзін-өзі басқару ұйымының 2021-2022 оқу жылында жүргізілген жұмыстары зерделеніп, сараптама жасалынды. Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрып, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін-өзі басқарту арқылы қалыптастыру мақсатында мектептегі тәрбиенің кешенді-мақсатты бағдарламасын басшылыққа ала отырып, мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымы құрылып, жұмыс істеуде. Өзін-өзі басқару ұйымының міндеті:

1. Мектеп оқушыларын бірыңғай өзін-өзі басқара алатын, өзіне-өзі сенімді тұлға болуға тәрбиелеу.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясын құрметтеуге, мектеп ережесінің талаптарын бұлжытпай орындауға үйрету.
3. Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Жоспарға сәйкес іс-шаралар, ұйым мүшелерінің отырыстары, байқаулар, акциялар жүргізіліп отырылды. Атап айтқанда:

- 2022 жылдың қыркүйек айында «Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ-де өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері, мектеп жасақтарының оқушылары мектеп инспекторы, мектеп тәлімгерінің қатысуымен «Қауіпсіз жол» профилактикалық іс-шарасы өткізіліп, оқушыларға жолдағы қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.
- 2023 жылдың 28 қыркүйек күні «Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ -де мектептегі өзін-өзі басқару Президентін сайлау өтті. Сайлау қорытындысы бойынша 10-сынып оқушысы Сансызбай Аят мектеп президенті болып тағайындалып, фракция жетекшілері сайланды.
- «Мектеп парламенті» ұйымы белсенділеріне «Жанды сабақтар» тақырыбында Ақтөбе облысының Темір ауданына саяхат жасап, тарихи жерлерімен танысты.
- «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп инспекторы Р.Р.Ерғалиевтің, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Қ.Әлжановтың қатысуымен мектеп оқушыларына түсіндірме жұмысы жүргізіліп, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.
- 1 қазан – Қарттар күні мерекесіне орай мектебіміздің «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері, мектеп оқушыларының ата-әжелеріне арнап «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты мерекелік концерт ұйымдастырып, қазыналы қарияларымызға көтеріңкі көңіл-күй

сыйлады. Сонымен қатар, мереке қарсаңында ұйым мүшелері ауданымыздағы жалғызбасты қарияның үй шаруашылығына көмек көрсетіп, алғысын алды.

- 2023 жылдың 5 қазан күні мектебіміздің «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері ұстаздар күніне орай «Ұстазым – ұлағатым, үлгі-өнегем» атты мерекелік концерт ұйымдастырды. Мектеп мұғалімдеріне түлектер бейнеқұттықтау жолдап, мерекемен құттықтады. «Мектеп парламенті» ұйымының мүшелері «Дублер» күні ұйымдастырылып, ұстаздардың орнына сабақ өткізді.
- Ұйым белсенділерінің ұйымдастыруымен «Golden Party» ханзадалар мен ханшайымдар байқауы ұйымдастырылып, алтын күз мерекелік шарасы өтті.
- 25 қазан – Республика күні мерекесіне орай ұйым белсенділерінің ұйымдастыруымен бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. «Республика күні – бірлік пен ынтымақ күні» атты мерекелік бейнеқұттықтау ұсынып, «Тәуелсіздік – елімнің еркін жолы» тақырыбында кітап көрмесі, «Тұғыры биік – тәуелсіз Қазақстан» мектепішілік дебат турнирі өтті.
- Қараша айында жоспарға сәйкес, «Мемлекеттік қызмет – ел мүддесіне адал еңбек» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында Байғанин ауданы әкімінің орынбасары Жеткізенов Әсет Тілеукабақұлы мемлекеттік қызмет саласындағы қызықты оқиғаларымен бөлісіп, мамандық таңдауға бағыт-бағдар берді.
- 14 желтоқсан күні «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиыны өткізілді. Салтанатты шара аясында салтанатты түрде ант қабылдап, «Жас Қыран» ұйымына – 77 оқушы, «Жас Ұлан» ұйымына – 70 оқушы қабылданды.
- Жаңа жыл мерекесіне орай «Өзін-өзі басқару» ұйымының белсенділері 5-8 сыныптар арасында «Жаңа жыл ғажайыптары» атты конкурс ұйымдастырды. Оқушылар жаңа жылға байланысты викториналық сұрақтарға жауап беріп, қызықты ойындар ойнады. Сыныптар номинациялар бойынша марапатталды.
- Қаңтар айында Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі базасында Ұлттық пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңі өткізілді. Аталмыш турнирге білім беру ұйымдарынан 19 фракция өзара сынға түсіп, «Болашақ» дебат клубының мүшелерінен құралған «АҚ» фракциясы – I орын иеленсе, «Болашақ» фракциясы – III орын иегері атанып, үздіктер қатарынан көрінді.
- Қаңтар айында ұйым белсенділері «Салауат» бағыты жоспарына сәйкес, 5-сынып оқушылары арасында «Көңілді мәре» эстафеталық жарыс өткізіліп, оқушылар түрлі кезеңдер бойынша сынға түсті.
- «Өзін-өзі басқару» ұйымы белсенділерінің қатысуымен «Еркем, өмірің болсын көркем» тақырыбында қыздар жиналысы ұйымдастырылды.

Шараға мектеп медбикесі, аудандық аурухана қызметкерлері қатысып, акпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

- «Әжем, анам және мен» мектепішілік байқауы ұйымдастырылып, байқауға мектепалды даярлық тобы бүлдіршіндері аналарымен, әжелерімен бірге бірнеше кезең бойынша сайысқа түсті.
- Наурыз мерекесі қарсаңында мектебіміздің барша өнерпаз шәкірттері «Наурыз мейрамы» ұлттық челленджіне қатысып, «Балбырауын» күйін тартты. Шараға мектеп мұғалімдері мен ата-аналары да белсене қатысты.
- «Әкешім – мақтанышым» тақырыбында танымдық кеш ұйымдастырылды. Шараның мақсаты: отбасы құндылықтарын кеңінен насихаттап, қоғамдағы әкенің ролі туралы түсінігін кеңейту.
- «Іскер ана – икемді қыз» тақырыбында мектебіміздің қыз балаларына шеберлік сағаты өткізілді. Шеберлік сағаты барысында аналары қыздарына торт пісірудің тың әдістерін үйретіп, тігін саласына деген қызығушылығын арттыру мақсатында киім пішу, тігу тәсілдерін үйретті.
- 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында асфальтта сурет салу байқауы ұйымдастырылды. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай «Ер – елінің қорғаны» атты мерекелік концерт өткізілді.
- 15 мамыр – халықаралық отбасы күні мерекесіне орай «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында сыныптарда ата-аналардың қатысуымен тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.
- 31 мамыр күні «Бақытты бала – ел болашағы» тақырыбында соңғы қоңырау салтанатты шарасы ұйымдастырылып, мектеп түлектері алтын ұясымен қоштасып, үлкен өмірге қадам басты.

Мектеп директоры  А.Р. Тлеулина

Мектеп тәлімгері  Г.Қ. Табынбай